

**Студенттерге арналған жадынама**  
**Бақылау түрі. Пән бойынша қорытынды бағалар.**  
**Студенттердің емтихандағы тәртібі ережелері. Апелляция.**  
**FX бағалау (25-тен 49%-ға дейін) және оны қайта тапсыру.**  
**Келесі курсқа ауысу.**  
**Пререквизиттер тізімі**

Оқу кезінде студент бақылаудың бірнеше түрінен өтеді:

1. Аралық бақылау (P1 және P2) – білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі.

2. Студенттердің үлгерімін ағымдағы бақылау аудиторияда және семестр бойы СОӨЖ-де жүргізіледі. Бағалар міндетті түрде Портал ақпараттық жүйесіндегі электронды журналда тіркеледі.

7 және 15-апталарда сенбі күні сағат 18.00-де алдыңғы жеті аптаның ағымдағы тапсырмаларын қабылдау бұғатталады және Аралық бақылау жеті аптадағы барлық бағалардың орташа арифметикалық мәні ретінде есептеледі және одан әрі қарай өзгеруі мүмкін емес.

15-аптаның жексенбісінде сағат 18.00-де Жіберу рейтингі есептеледі. Жіберу рейтингін Ақпараттық жүйеде 100% максимум мөлшерлемесі бойынша есептейді және одан әрі қарай өзгеруі мүмкін емес.

Жіберу рейтингісінің(Рейтинг) бағасы аралық бақылаудың орташа арифметикалық бағасы ретінде есептеледі. Жіберу рейтингі келесі формула бойынша есептеледі:

$$\text{Рейтинг} = \frac{P1 + P2}{2}$$

Мұндағы: P1 – бірінші аралық бақылаудың бағасы

P2 – екінші аралық бақылаудың бағасы

Студент емтихан тапсыруға келесі жағдайларда жіберілмейді:

**Рейтинг < 50% болса**

Пән бойынша қорытынды баға келесі формуламен есептеледі:

$$\text{Қорытынды баға} = \text{Рейтинг} * 0,6 + \text{Э} * 0,4$$

Мұндағы: Рейтинг – пән бойынша жіберу рейтингісі

Э – емтиханнан алған бағасы.

Жоспарланған тапсырмалар мен курстың игеру деңгейін анықтау үшін өтілген материалдар бойынша сауалнамалар жүргізіледі (тест түрінде жеті аптада кемінде екі тексеру, жұмысты бақылау, коллоквиум). Сауалнамалардың бағалары барлық студенттер үшін электронды журналға қойылады. Студент сауалнамаға келмеген жағдайда электронды журналда нөлдік баға қойылады.

Силабуста әрбір пән бойынша бақылаудың барлық түрлерін жүзеге асыру және қорғау үшін Күнтізбелік кесте енгізілген, ол Порталда да бар.

Егер студент сабаққа қатыспаса, оныміндетті түрде қағаз және электронды журналға – «жок» деп белгілейді.

3. Студенттер емтихан нәтижелеріне шағымдана алады. Студент ақпараттық жүйеде баға қойғаннан кейін 24 сағат ішінде шағымға өтініш бере алады. Көрсетілген мерзімнен кейін немесе шағымның нақты себебі көрсетілмеген өтініштер қаралмайды.

Емтиханды онлайн тапсыру үшін студенттің қарамағында бейнекамерасы мен интернеті емтиханды бейнежазбаға түсіруге мүмкіндік беретін бар компьютер болуы керек.

Студент емтихан кезінде бөлмеде болуы керек. Студенттің бөлмесінде емтихан алушыдан басқа ешкім болмауы керек. Студенттің үстелінде қалам мен 1 парақ таза қағаз болуы керек. Емтихан кезінде дыбысы бар бейне жазба болуы қажет.

Емтихан кезінде емтихан тапсырылатын қосымша компьютерлерді, телефондарды, мониторларды пайдалануға тыйым салынады. Басқа сайттарға өтуге және басқа қойындыларды ашуға тыйым салынады. Кез келген теле, радио, аудио аппаратураны қосуға, тест сұрақтарын дауыстап оқуға (сыбырлауға), сөйлесуге, соның ішінде телефон арқылы сөйлесуге, құлаққап киюге, тұруға, орын ауыстыруға және бөлмеден шығуға рұқсат етілмейді. Кітаптарды, жазбаларды пайдалануға болмайды. Бет әлпетті айқын ажырату үшін бөлмедегі жарық нақты бейнетіркеу және емтихан алушының бет-әлпетін анықтау үшін жеткілікті жарық болуы керек.

Қате қойылған сұрақ немесе жауап анықталған жағдайда білім алушылар емтихан бағаларын шағымдай алады. Студент ақпараттық жүйеде баға қойғаннан кейін 24 сағат ішінде Портал АЖ-ге шағымға өтініш бере алады.

Мерзімнен кейін немесе шағымның нақты себебі көрсетілмесе өтініштер қаралмайды.

Шағым міндетті түрде бейнежазбасы бар скринингтік жүйе арқылы студентпен ауызша бейне сұхбат арқылы ғана жүргізіледі. Қайта тестілеу тағайындалмайды.

Шағымдық комиссия апелляция өткізуі, Портал АЖ-да хаттама жасап, ақпараттық жүйеге баға қояды және корпоративтік пошта арқылы шағым өткізілгеннен кейін үш күн ішінде студентке өзінің шешімі туралы хабарлайды.

4. Емтиханнан «FX» бағасына сәйкес «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда білім алушының оқу пәнінің бағдарламасын қайталамай емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігі бар. «FX» бағасына сәйкес келетін емтихан бағасын қайта тапсыру (25%-дан 49%-ға дейін) емтихан сессиясы кезінде емтихан алушы мен студент арасындағы келісім бойынша ауызша ғана жүзеге асырылады. Қайта қабылдау кестесі құрылмайды. Емтихан сессиясы аяқталғанға дейін FX бағасын қайта алмаған студент қосымша семестрде осы пәнді қайта тапсыруға жазылуы керек. Егер студент қайта «қанағаттанарлықсыз» баға алса (бұл жағдайда өз бетінше «FX» немесе «F» бағасы) немесе дәлелді себепсіз қайта тапсыруға келмесе, онда ол осы пәнге қайта жазылуы, барлық тапсырмаларды орындауы, белгіленген тәртіп бойынша қорытынды бақылауға жіберу алу, қорытынды бақылау (емтихан) тапсыру тиіс. Оқу пәніне қайта қабылдау тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

Емтиханды бірінші рет тапсыру кезінде «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда немесе пән бағдарламасының толық орындалмауына байланысты студент емтиханға жіберілмеген жағдайда немесе емтихан бағасының күші жойылған жағдайда білім алушы келесі академиялық кезеңде (не қосымша жазғы семестрде) осы оқу пәніне қайта жазылуы, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысып, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындап, қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

Студент GPA ең төменгі деңгейін алмаған жағдайда ғана оң бағаны қайта тапсыруға рұқсат етіледі. Қалған барлық жағдайларда оң бағаны қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Білім алушы қажетті GPA өту балын жинаған жағдайда келесі курсқа ауыстырылады.

5. GPA аралық коэффициенті (курстан курсқа көшу)

Бакалавр (күндізгі және қашықтықтан оқыту түрі):

- 2 курсқа - 1,67;

- 3 курсқа - 2,00;

- 4 курсқа - 2,1.

Магистратура - 2,34.

Докторантура - 2,34.

Өту балының ең төменгі шамасын ала алмаған, бірақ бақылаудың барлық түрлерін оң бағалармен тапсырған білім алушы қосымша жазғы семестрде өзінің GPA-ын арттыра алады. Егер білім алушы қосымша жазғы семестрден кейін ауысу балын ала алмаса, ол қайта оқу жылына қалдырылады және ақпараттық жүйеде өтініш ресімдейді.

Қажетті GPA өту балын жинаған, бірақ келесі семестрдегі пәндер үшін пререквизит болып табылатын пәндер бойынша қосымша жазғы семестрде академиялық берешекті жоймаған білім алушы қайта оқу жылына қалдырылады және ақпараттық жүйеде өтініш ресімдейді.

Қосымша жазғы семестр аяқталғаннан кейін бір апта ішінде қайта оқу жылына өтініш жазбаған білім алушы академиялық үлгермеушілігі үшін университеттен шығарылады.

АҚ проректоры

ТО бастығы



С.В. Коньшин

В.В. Неледва